Балабақша әдіскері: Османова У.Ж
Топ тәрбиешісі: Бисенгалиева Л.Б

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Екпетал мектеп- балабақшасы
Топ:ересек топ
Жасы :4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету): Ақпан айы, 2024-2025 оқу жылы 1 апта
Ақпан айының дәйексөзі «Жасампаздық пен жаңашылдық айы»
1 апта «Жасампаздық-бәрімізге өнеге»

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 3.02 | Сейсенбі 4.02 | Сәрсенбі 5.02 | Бейсенбі 6.02 | Жұма7.02 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балалардың көңіл-күйін бақылау,дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен арнайы журналға тіркеу. бірлескен жұмыс. | | | | |
| | Шырқалсын елімнің әнұраны | Күй күмбірі «Адай» Біртұтас тәрбие | Күй күмбірі «Адай» Біртұтас тәрбие | Күй күмбірі «Адай» Біртұтас тәрбие | Күй күмбірі «Адай» Біртұтас тәрбие |
| Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру | «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертін әкелулерін ата-аналарға түсіндіру | | | | |
| | «Апта дәйексөздері»тақтасымен таныстыру,ата-анамен балалармен әские дүкен құру. «Жасампаздық- бәрімізге өнеге» | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | *Картотека №59* Д. о.«Кім қандай көлікпен келді?» **Ойын шарты:** педагог балаларды шеңбер бойына тұрғызып, допты лақтырып, балабақшаға қандай көлікпен келгендігін сұрайды. Балалардан көлік түрлері: автобус, ұшақ, кеме, пойыз туралы сұрай отырып, көлік жүргізетін адамдар туралы әңгіме жүргізеді. | *Картотека №60* **Гүлдер» имитациялық ойыны** Ойын шарты: Балалар «гүлдерге» айналады. (тізелерін бүгіп отырып, бастары мен қолдарын тізелеріне қойып, көздерін жұмады). Жерден кішкентай өскін өсіп шықты. Ол бойын күнге созып, баяу өсе бастады. Міне, гүлшанақ (бутон) пайда болды. Гүл бір күлтесін ашты. (оң қолдарын жоғары созады) содан соң екінші күлтесін ашты (сол қолын екінші жаққа созады, тағы екі күлтесі ашылды (екі қолдарын төменнен жоғарыға қарай созады), міне, гүл ашылды. Самал жел соқты, гүл желмен тербеле бастады. Ара ұшып келіп гүлге қонды. | *Картотека №61* Дидактикалық ойын: «Гүлдер қай жерде өседі?» Мақсаты: Өсімдіктерді өсу орнына қарай топтастыру, олардың сыртқы түрін сипаттау, салыстыру. | *Картотека №62* Дидактикалық ойын: «Суықторғай» Мақсаты: құстар туралы түсінік беру, сөздік қорын дамыту | *Картотека №69* **Дидактикалық ойыны «Белгіні жина»** Мақсаты: жол белгілері туралы түсінік қалыптастыру, ойлау қабілетін дамыту. |
| | ***Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту картотекасынан*** | | | | |
| Таңертеңгіжаттығу | *Ақпан айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген* ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| Таңғыас | *Үнемді тұтыну» «Суды,тамақты,энергияны, үнемді тұтыну» Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | | | | |
| Ұйымдастырылғаніс-әрекетке | *Біз гүлдерміз өсеміз, Жапырағы жайқалған.* | *Бойыңды сергек тік ұста Емін – еркін тыныста* | *Топ-топ басайық, Жалаудан күн жасайық.* | *Бір, екі, үш, Қане, қанат қағамыз.* | *Жел үлейді у-у Күйын келіп билейді* |

| Күн тәртібінің үлгісі | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | *Күй күмбірі – күй өнерін балаға тыңдату арқылы, қазақ мәдениетіне тәрбиелеу.* | | | | |
| | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу.* | *Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.* | *Балаларды дене тазалығын тексеріп қабылдау. Көңіл - күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.* | *Балаларды қабылдау кезінде ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* | *Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.* |
| | *Өнегелі -15 мин – ата-анаға баланың денсаулығына , балабақша жұмысы туралы кеңес беру.* | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | *«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | *Ата-аналарара ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру* | *Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.* | *Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.* | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту* |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын,танымдық, коммуникативтік шығармашылық, эксперименттал-дық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары) | ***Картотека №6 «Жыл мезгілдері»*** ***Мақсаты:*** *Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.* | ***Картотека №10 «Жол әліппесі»*** ***Мақсаты:*** *балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру , жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру.* | ***Картотека №11 «Әдептілік»*** ***Мақсаты:*** *Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау.* | ***Картотека №12 Қайсысы қайда тіршілік етеді*** ***Мақсаты:*** *жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу,олардың мекен-жайын анықтау. Сөздікқорынмолайту.* | ***Картотека №13 «Экологиялық бағдаршам»*** ***Мақсаты:*** *Балаларды табиғат сұлулығын көріп, сезіне білуге, оны қорғай білуге тәрбиелеу.Табиғатқа деген сүйіспеншілігін сақал-мәтел, тақпақтар, тиым сөздер арқылы білімдерін арттыру.* |
| | ***Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру картотекасынан*** | | | | |
| Ертеңгілік жаттығу | *Қаңтар айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қаңтар айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қаңтар айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қаңтар айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* | *Қаңтар айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені.* |
| | ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау. Жаттығу кешені қосымша тіркелген.*** | | | | |
| Таңғы ас | *Үнемді тұтыну ережелерін түсіндіру.*<br>*Қауіпсіздік ережелері- тамақ ішу кезінде, құралдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін ескерту.* | | | | |
| | *Балалардың беті қолын* | *Ас ішу мәдениетімен* | *Таңғы асқа отыру.* | *Ас мәзірімен таныстыру.* | *Әдептілік ережелерін* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету.* | *таныстырып отыру.*<br>*. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.* | *Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру.*<br>*Ас мәзірімен таныстыру.*<br>*Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.* | *Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.*<br>*Әдептілік ережелерін түсіндіру.* | *түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.* |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӘ) | *«Балалар кітапханасы»-жобасы аясында.* | | | | |
| | *Отбасында гүліміз,*<br>*Көңілді өтер күніміз.*<br>*«Қайырлы таң!» деп айтамыз,*<br>*Бір болып кеште қайтамыз.* | *Кәне, кәне тұрайық,*<br>*Үлкен шеңбер құрайық.*<br>*Тұрсақегершеңберге,*<br>*Алақандыұрайық* | *Ертетұрыпкүнде мен*<br>*Тереземдіашамын.*<br>*Сәлемдеймінкүнге мен*<br>*Шаттықәнгесаламын.* | *Кел, балалар, күлейік,*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек,*<br>*Көңілді боп жүрейік!* | *Кел, балалар, күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Күлкі көңіл ашады,*<br>*Күліп өмір сүрейік!* |
| Кестеге сәйкес ҰІӘ | *Жол қозғалыс және қауіпсіздік ережелерін түсіндіру мақсатында ұіә.* | | | | |
| | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Енді біз әртүрлі* ***көлікпен саяхатқа шығамыз .*** *Мен барлығыңа қиынды суреттерді таратамын, ал сендер оларды жинап, кім қандай* ***көлікпен*** *саяхаттайтынын айтады.*<br>***Дид ойын: «Суреттерді жинаймыз»***<br>***Шарты: Көліктің*** *суреттері беріледі Балалар суретті жинап, атын айтады және осы* ***көлік түрі туралы әңгімелейді .***<br>***Психологиялық сәт.***<br>*Балалар, қазір көзімізді жұмып елестетейік, біз әртүрлі* ***көліктерді айдап келе жатырмыз*** *, көліктеріміз өзімізге ұнай ма?*<br>***Тосын сәт.***<br>*Қараңдаршы бізге суретші телеграмма жіберді. Ол суреттер салған . Балалар, қараңдаршы мына суреттер дұрыс салынған ба?*<br>*Балалар: Жоқ.* | ***Тосын сәт.***<br>*Бізге бейтаныс адам хат жазыпты. Достарым жаңа үй салуға кірісіп, барлық қажетті материалдарды жеткізуімді өтінді. Велосипедпен материалдарды әкелу мүмкін болмады! Бірақ әуеде ұшатын, өзендерде қалқып жүретін көліктер бар деп естідім . Маған бұл туралы айтыңыздаршы, оны анықтауға көмектесіңіздерші. Қандай көлік жүреді және ол неге арналған. Жауап күтемін. Бейтаныс достарың.*<br>***Тәрбиеші:*** *Балалар, сендер осы адамға көмектесуге дайынсыңдар ма және оған көліктер туралы білетіндеріңді айтасыңдар ма ?*<br>***Балалар:*** *Иә, дайынбыз!*<br>***Ой дамыту.***<br>***АКТ технол жұмыс.***<br>*«****Көлік****» сөзінің өзі қозғалысты білдіреді. Сондықтан көлік әдетте* | ***Дид ойын: «Ненің даусы?»***<br>*(бейне таспадан машиналардың гүрілдеген дауыстары естіледі)*<br>*-Балалар бұл ненің даусы? Дұрыс айтасыңдар бұл машинаның даусы бұл машинамен келген кім екен бәріміз есік жаққа қарайықшы.*<br>***Тосын сәт.***<br>*- Балалар, бізге қонаққа қонжық келіп тұр.Ол бізден көмек сұрап келіпті.*<br>*-Кәне қонжықпен амандасайық.*<br>*Қонжық:Балалар маған машинаның түрлері және олардың пайдасы туралы айтып беріңдерші?*<br>***Ой дамыту.***<br>***АКТ көліктер.***<br><br>*Қазір көліктердің түрлері* | ***Қызығушылықты ояту***<br>***Өлең оқу.***<br>*«Жолың болсын!» - дейді*<br>*-Атам шықса сапарға*<br>*«Жолың болсын!» - дейді апам.*<br>*Апам шықса сапарға*<br>*«Жолың болсын!» - дейді олар*<br>*Үлкенге де кішіге.*<br>*«Жолың болсын!» - дейді олар*<br>*Ұшырасқан кісіге.*<br>*Осы сөзде байқадым*<br>*Қуат барын, күш барын*<br>*«Жолың болсын!» - айтамын,*<br>*Алыс жолға шықса кім.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Өлең не туралы айтылған?*<br>*Жолаушы деген кім?*<br>*Алыс жолға адамдар немен шығады?*<br>*Көлік дегеніміз не?*<br>*Көліктің қандай түрлері бар?*<br>*Көліктерге не жатады?*<br>*Көліктердің қандай пайдасы бар?* | ***Қызығушылықты ояту.***<br>*Сәлеметсіңдер ме балалар! Бүгін бізге қонаққа Ұзын құлақ қоян келді. Қоянмен сәлемдесейік. Сәлеметсің бе қоян!*<br>***Қоян:*** *Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен сендерге орманнан секіріп келе жатып, бір тесіктің астынан қорап тауып алдым, оның қасында хат тұр екен. Бірақ қорап ашылмайды. Мен әлі кішкентай болғандықтан хатты оқи алмаймын.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Балалар, қоянға көмектесеміз бе, хатта не жазылғанын оқып, қорапты ашып көрейік.*<br>***Хатты оқу.***<br>*«Сәлем менің қымбатты достарым!»*<br>*Сендердің алдарыңда қорап жатыр,қарапайым емес, сиқырлы. Оны ашу үшін сиқырлы сөзді табу* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ол нені салғысы келді?<br>Балалар: көліктерді.<br>Ол не ұмытты?<br>**Балалар:** дөңгелектерін.<br>Дұрыс. Балалар сызбаларды аяқтауға көмектесеміз бе?<br>**Шығармашылық бұрыш.**<br>**Дид ойын: «Аяқталмаған суреттер»**<br>Дөңгелегі жоқ көлік, қанаты жоқ ұшақ, винтсіз тікұшақ.<br>Балалар жетіспейтін элементтерді толықтырады.<br>Балаларды бақылау.<br>**Сергіту сәті.**<br>Біз ауада ұшамыз, (қолдар екі жаққа, дене алға еңкейтілген)<br>Кемеде тұрмыз, (дене алға еңкейтілген, қол маңдайда, алысқа қараймыз)<br>Көлікпен біз жылдам, жылдам жүреміз, (қолдар рульді ұстайды, рульді бұрыңыз)<br>Пойыз бар жылдамдықпен жүгіреді (қолды шынтақтан бүгіп, пойыз қозғалысы)<br>**Дид ойын : «Кім нені басқарады»**<br>**Шарты:** ойын доп арқылы жүзеге асырылады<br>Мақсаты : Грамматикалық құрылымды жетілдіру, тақырыптық суреттерді пайдалану<br>- Ұшақпен кім ұшады? (ұшқыш)<br>- Көлікті кім жүргізеді? ( жүргізуші)<br>-Зымыранды кім басқарады? (ғарышкер) | кеңістікте қозғалатын нәрсе деп аталады және бір мезгілде жүктер мен адамдарды тасымалдады.<br>Мен біздің топта кімнің тапқыр, ұшқыр екенін білгім келеді.<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>**Жұмбақтар тыңдау:**<br>1.Тізбектелген көп үйлер,<br>Көшіп жүрген көк үйлер.<br>**Поезд.**<br>**№1 карточкамен жұмыс.**<br>**Поезд құрастыру.**<br>**2.** Құс сияқты құс емес,<br>Жүрсе де тым биікте.<br>Қақпайды бір қанатын<br>Жүрсе де тым биікте<br>**Ұшақ**<br>**№2 карточкамен жұмыс.**<br>**Ұшақ бөліктерін біріктіріп жапсыру.**<br>3. Қос күрекпен еседі,<br>Су көлігі деседі. **Қайық**<br>**№3 карточкамен жұмыс.**<br>**Қайық ескегін мүсіндеу.**<br>4. Жүргізуші жүргізеді,<br>Төрт аяқты батырды.<br>**Машина**<br>**№4 карточкамен жұмыс.**<br>**Машина туралы тақпақ айту.**<br>Сұрақ-жауап<br>Бұларды бір сөзбен не деп атаймыз? **Көліктер**<br>**Дид ойын: « Көлікті дұрыс тарат»**<br>Балалардың алдында су, жер, ауа бейнеленген карточкалар беріледі және шағын иллюстрациялар көліктері бар карточкалар беріледі. | өте көп оларды бірнеше топқа бөлуге болады мысалы:суда жүзетін, жерде жүретін,әуеде ұшатын және жер асты көліктері.<br>**Жерде жүретін көліктерге:**<br>Жеңіл көлік,велосипед, пойыз, автобус, троллейбус, жүк көлігі.<br>**Әуеде ұшатын көлік түрлеріне:**<br>Ұшақ,тік ұшақ,зымыран.<br>**Суда жүзетін көлік түрлеріне:**<br>Кеме,қайық жатады.<br>**Сергіту сәті.**<br>**«Ұшады, жүреді, жүзеді»**<br>Шарты: Көліктің түрлері туралы айтылады. Жүретін көлік болса, қолдарымен дөңгелетіп айналдырады, әуе көлігі болса, қолдарын жоғары көтереді, су көлігі болса, қолдарын үшбұрыштап, көрсетеді.<br>**Шығармашылық бұрыш.**<br>Топқа бөлу. Қызыл, сары, жасыл текшелермен<br>**Дид ойын: «Сиқырлы текше»**<br>**Шарты:**Әр топтан бір бастаушы педагогтан текше алады, әр текшеде әр түрлі көлік түрлері бар, сол көлік түрлерін топ болып құрастыру, бояу, бөлігін жапсыру.<br>**Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілдерін көрсету, түсіндіру.**<br>**1 топ қызыл текше** –жеңіл машина суретін бояйды. | **Миға шабуыл**<br>1. Құс сияқты құс емес,<br>Жүрседе тым биікте.<br>Қақпайды бір қанатын,<br>Жүрседе тым биікте .<br>**(Ұшақ)**<br>2. Қос күрекпен еседі,<br>Су көлігі деседі. **(Қайық)**<br>3.Жүргізуші жүргізеді,<br>Төрт аяқты батырды .<br>**(Жеңіл көлік)**<br>Балаларды мадақтау.<br>**Менің сүйікті бұрышым**<br>**Суреттер көрмесі.**<br>**«Көңілді көліктер»**<br>Балалар көліктердің өзі төртке бөлінеді:<br>Әуеде жүретін көліктер **-** Ұшақ, Тікұшақ, зымыран<br>Суда жүретін көліктер – Кеме, қайық<br>Темір жол көліктері – Поезд<br>Ал, жерде жүретін көліктердің өзі екіге бөлінеді екен. Олар жеңіл және ауыр көліктер.<br>Біз көбіне жерде жүретін көліктерге мінеміз.<br>Машина, автобус т.б<br>**Сергіту сәті.**<br>**Мәшине жүргізу.**<br>Қолыңды қойда рөлге,<br>Моторға қосыл гуілде.<br>Дөңгелекке жел толтыр,<br>Машинаға тез отыр.<br>Басқышты басамыз,<br>Жүреміз енді зулаймыз.<br><br>**Балаларды пішіндер арқылы орталыққа бөлеу**<br>**1- орталықтағы** балаларға<br>Балаларға тапсырманы | керек. Менің жұмбағымды шешу арқылы, сиқырлы сөз таба аласындар.<br>Балалар, біз жұмбақты шешуіміз керек, сол кезде сиқырлы сандық ашылады, мұқият тыңдаңдар.<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>Төрт аяғы дөңгелек<br>Қозғалады орнынан,<br>Жүреді ол дөңгелеп,<br>Жүйіткиді желменен,<br>Дауысы бар гүрілдек.<br>**Жауабы: Машина.**<br>Тамаша қараңдаршы, сиқырлы сандық ашылды.<br>Ал қорапта бірдеңе бар.<br>Қоян: Ішінде не бар, көрейінші. Ішінде суреттің бөліктері жатыр. Қап, енді не істеуге болады?<br>Қоян, көңілінді түсірме. Біз балалармен саған көмектесеміз. Біз барлық суреттерді жинап, не шыққанын көрсетеміз.<br>**Дидактикалық ойын «Суреттерді жина»**<br>**Шарты:** Қиынды суреттерді құрастыру.<br>Суретте не бейнеленген?<br>Балалар: Ұшақ. Дұрыс<br>Сендер білесіндерме, ұшақ ауада ұшады, ал ұшақты ұшқыш басқарады.<br>- Сендер ұшақпен ұшқыларын келеді ме?<br>Балалар : Иә.<br>Тәрбиеші: Олай болса қоян ұшқыш болсын, ал сендер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Кемені кім басқарады?<br>(капитан)<br>-Тікұшақты кім басқарады?<br>(ұшқыш)<br>- Автобусты кім жүргізеді?<br>(жүргізуші)<br>- Пойызды кім жүргізеді?<br>(жүргізуші)<br>- Сіз атаған нәрсені бір сөзбен қалай атауға болады?<br>(мамандықтар)<br>**Біз не туралы әңгімелестік?**<br>**Көлік** түрлері туралы әңгімелестік<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**Дене тәрбиесі.**<br>**Кіріспебөлім.**<br>Сапта қалыпты тұруды және түзуленуді тексеру: бағанда бір-бірден жүгіру; педагог белгісі бойынша , шашырап жүру, шашырап жүгіру; бір-бірден колоннада қалыпқа келіп тұру.<br>**Негізгі бөлім.**<br>**ЖДЖ - Жалаушамен**<br>1. Бастапқы қалып (бұдан әрі - б.қ) - аяқтың еніне параллель тіреу, қолды төмен түсіру. Қолдарын жанға жоғары көтеру, қолдарын шапалақтау. Қолды жанға төмен түсіру, бастапқы күйге оралу<br>2. Б.қ - аяқ иық деңгейінде, қол белде. Оңға бұрылу, оң қолды жанға бұру, бастапқы күйге оралу. Дәл сол сияқты басқа жаққа бұру.<br>3. Б.қ - аяқтың иық деңгейінде, қол төмен. Отыру, қолды алға | Балаларм қажетті категорияны атайды және байланыстырады.<br>Балалар, қалай ойлайсыңдар, көлік өздері жүре ме, әлде адам басқара ма?<br>**Балалар** : Адам басқарады.<br>**Дид ойын: «Мен бастаймын сен аяқта»**<br>**Шарты:** Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер аяқтайсыңдар.<br>- Пароход жүзіп келеді, ал машина ... - мінеді,<br>Трамвай жүреді, ал ұшақ ... - ұшады,<br>Ұшақ ұшады, ал автобус ... - жүреді, кеме жүзеді, ал пойыз ... – темір .............<br>Жарайсыңдар.<br>**Дид ойын: « Ұшады - ұшпайды»**<br>**Міндеті:** зейінді дамыту.<br>Балалар, мен суреттерді көрсетемін, егер әуе **көлігі болса** – қанаттарыңды қолмен көрсету керек ,қолды екі жаққа созу.<br>Тікұшақ болса – балалар қолдарын екі жаққа созады.<br>Трамвай аяқтарыңды топылдату. Ұшақ, автобус. Жарайсыңдар!<br>Ал біздің бейтаныс досымыз жүктерді қандай көлікпен жеткізе алады.<br>**Балалар: жүк көлігімен.**<br>**Біз оған жүк көлігінің суретін түсіріп жіберейік**<br>**Тәрбиеші:** Сендер бүгін жақсы жұмыс жасадыңдар **,** сондықтан мен сендерге бояу | **Тақпақ: Машина**<br>Зу-зу етіп көшеде,<br>Күн-түн тыным таппайды.<br>Төрт дөңгелек дөңгелер,<br>Төрт аяқпен шаппайды.<br>**2 топ сары текше** – ұшақ құрастырып жапсырады.<br>**Тақпақ: Ұшақ**<br>Ұзын құйрық инелік,<br>Инелікке тимелік.<br>Ұшақтарды жасадық<br>Инеліктен үйреніп.<br>**3 топ жасыл текше** – қайық мүсіндейді.<br>**Тақпақ: «Қайық»**<br>Шығып қала шетіне,<br>Суға салсам қайықты<br>Ағын судың бетінде<br>Қалт-құлт етіп келеді.<br>Балалар жұмыстарын бағалау.<br>**Қорытындылау.**<br>-Балалар біз бүгін қандай көлік түрлерімен таныстық?<br>-Ол көліктер не үшін қажет?<br>Қонжықпен қоштасу.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Кіріспе бөлімі:**<br>Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.<br>Шеңбер бойымен қойылған заттар арасымен әр түрлі жағдайда: қолды белге қойып, екі жаққа жіберіп, артқа ұстап жүру.<br>Шеңбер бойымен денені тік ұстап жұптасып жүгіру.<br>Шеңбер бойымен еркін жүру.1 сапқа тұру.<br>1 саптан 4 звеноға тұру. / сапқа тұрарда себеттен екі | түсіндіру, жасалу жолдарын көрсету.<br>өздеріне бұрыннан таныс бағдаршамның суретін салуды тапсыру.<br>**2- орталықтағы** балаларға бірнеше бөлікке бөлінген сурет қиындыларынан жол белгілерін құрастыруы тапсыру.<br>**3-орталық** жол үстіне машина суретін жапсыру.<br>**4- орталық** зебра жол мүсіндеу.<br>**Сұрақ-жауап**<br>Жасаған жұмыстарыңда қандай геометриялық пішіндер қолданылды?<br>Бағдаршамда неше түс бар?<br>**Ойын: «Сақ бол!»**<br>**Шарты:**<br>Қызыл көзін жағады.<br>(қозғалмай тұру)<br>Сары көзін жағады. (қол шапалақтау)<br>Жасыл көзін жағады. (бір орында тұрып жүру).<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br><br>**Музыка**<br>**Кіріспе. Ой қозғау.**<br>Қазір жылдың қандай мезгілі, бұл кезде қандай құбылыстар болады, не жауады? Қыста қандай ойындарды көп ойнайсыңдар? Әрине, шанамен сырғанақ тебесіңдер, аққала соғасыңдар, міне, бүгінгі сабағымыз осы тақырыптың | ұшақ болыңдар.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ұшуға дайындаламыз - топпен жүгіру, қолдар екі жаққа.<br>Назар аударыңдар, қатты жел - оңға және солға еңкейеді.<br>Тепе-теңдікті сақтау - қолдарың екі жаққа тік ұстау.<br>Төмен түсеміз - жартылай еңкейіп жүру, қолды екі жаққа.<br>Жылдамдықпен - орнынан тұрып, шеңбер бойымен жүгіру.<br>Біз қонамыз – тізені бүгу.<br>Міне балалар, ұшақпен ұштыңдар. Ал сиқырлы қорапта тағы да суреттер бар.<br>**Дид ойын: «Көліктер»**<br>**Шарты:** Балалар көліктің суретін жинайды.<br>**Ой дамыту.**<br>-Көліктер қандай бөліктерден тұрады?<br>-Оны кім жүргізеді?<br>-Көлік не үшін керек?<br>Сиқырлы сандықта соңғы суреттер қалды, оны жинап алайық.<br>**Дид ойын: «Бұл не?»**<br>**Шарты:** Балалар кеменің суретін жинайды.<br>Сұрақ – жауап<br>Кеме қандай көлік түріне жатады?<br>Кемені қайдан көруге болады?<br>Кеме машина жолмее |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қою, алдыға қолды шапалақтау, тұру, бастапқы күйге оралу.<br>4. Б.қ - аяқты алшақ қою, қолдар арқада. Қолыңызды жанға көтеру: алға иіліп, екі арасында саусақтың ұшын еденге тигізу. Қолды жанға созып, керілу, бастапқы күйге оралу.<br>5. Б.қ - аяқтың алшақ қою, қол белде. Жүру кезегімен ауысып, орнында екі аяқпен секіру.<br>**Тыныс алу жаттығуы.**<br>Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.<br>**Қозғалыстардың негізгі түрлері.**<br>**1. Тепе-теңдік жаттығулары** - жүру және екі сызық арасында жүгіру (ені 15 см, ұзындығы 3 м)<br>**2. Секіру** - орнында екі аяғымен шеңберді оңға және солға кезекпен қысқа кідіріспен серпу (3-4 рет).<br>**Қим ойын: ойын "Өзіңізге жұп табу"** ойын үшін сізге екі түсті орамалдар қажет .Әр ойыншы бір орамал алады. "Жұп тап!"немесе музыкалық шығарманың дыбысының басталуы бірдей түсті шарфы бар балалар жұптасып тұрады. | үшін мына суреттерді беремін . Педагог көлікті бояу парақтарын таратады. Балаларды мадақтау.<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы: «Үй жануарлары мен төлдері»**<br>**Сұрақ-жауап**<br>Балалар казір қай жыл мезгілі?<br>-Қыста не жауады?<br>-Қардың түсі қандай?<br>-Сендер бақшаға қалай киініп келесіңдер?<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Үнтаспадан үй жануарларының дауыстарын тыңдату.<br>АКТ технологиясы.<br>Балалар назарын теледидарға аудару үй жануарлары туралы слайд көрсету<br>( оларды сипаттайды)<br>**Ой қозғау.**<br>Балалар үй жануарлары қалай дыбыстайды?<br>Неліктен үй жануары деп атаймыз?<br>Олардың қандай пайдасы бар?<br>Суреттегі үй жануарларының төлдерін қалай атаймыз?<br>**Дидактикалық ойын. «Дыбысынан ажырат»**<br>**Міндеті.** Жануарлардың дыбысы естіледі балалар қай жануар екен айтып интерактивті тақтада суретін көрсетеді .<br>Балалардың жауаптарын тыңдау. | лентадан алу/<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім**:<br>**Жалпы даму жаттығулары Лентамен.**<br>**Б.қ.: «Басты айналдыру»**<br>**1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Денені тік ұстап, лента төменде.тік тұрып, қолды белге ұстау керек, 1-2-3-4 есебінде басты оңға қарай, содан соң келесі жаққа айналдыру керек./5-рет ./<br>**Б.қ.: «Шеңбер»**<br>**2.** Аяқтары алшақ қойылған, оң қолдағы лентаны 1-2 деп санағанда алдымен екі жанға, содан соң алға, қайта екі жанға, содан соң артқа қолмен кең шеңберлер жасау керек; 3 - 4 есебінде алға қарай. /5 рет қайталау./<br>**Б.қ.: «Лентаны жасыр»**<br>**3.** Аяқтары иық жалпақтығында, ленталар жанда, алдыға еңкейіп, ленталарды артқа созу «жасырдым» деп айту, шалқайып, қолды алдыға созу «міне-міне» деп айту. /5 рет қайталау./<br>**Б.қ.: «Жоғарыда-төменде»**<br>**4.** Аяқтарын алшық қою, ленталар қолда. Лентаны жоғары созып «жоғарыда» деп айту, төменде түсіріп «төменде» деп айту. /5-6 рет қайталау./<br>**Б. қ.: «Лентаны ілу»**<br>**5.** Аяқтарын алшақ қойып, тізе бүгу. Ленталар төменде. | айналасында өтеді.<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Сырғанақ» (муз. Ө. Байділдаев, сөзі Ә. Тәжібаев). Әннің мазмұнын, алған әсерлерін, көңіл күйін сұрау.<br>Әннің қайырмасы қайсы, кіріспесі қайсы екенін ажыратуға үйрету.<br>**Дауыс жаттығулары:**<br>«Жоғары шығамыз, төмен түсеміз». Әуенді дауыс ырғағымен, дауысқа қатты күш түсірмей орындау.<br>**Ән айту: «Зырлайды шанамыз» (муз. М. Маңғытаев, сөзі Қ. Ыдырысов).** Әнді тыңдап, мәтініне көңіл аудару. Әннің көңіл күйін, жылдамдығын, ырғағын ажырату. Ән айту кезінде ережелерді еске түсіру, әннің сөзін таза айту, бірін-бірі тыңдап, үндесіп айтуға машықтандыру.<br>**Аспаппен танысу:**<br>«Музыкалық аспаптарға арналған этюд» (муз. Ф. Госсек). Ұрмалы аспаптарда ырғақты сақтай отырып педагогтің сүйемелдеуімен ансамбльде ойнау.Балалардың есту қабілеттерін дамыту, ырғақты (ритм) дұрыс ұстай алмаған балалармен жеке жұмыс жасау.<br>Ұлттық ойын «Ормандағы аю».<br>**Ой қозғау.** | жүре алама?<br>Кеме суда жүреді, оны капитан басқарады.<br>Қоян: Маған әдемі кеменің суретін беріңдерші, достарыма көрсетемін.<br>Шығармашылық бұрыш.<br>Балаларды топқа бөлу.<br>**1-топ:** Дайын кеме суретін бояу.<br>**2-топ:** Теңіз суретіне кеме суретін жапсыру.<br>«Құрметті достар»<br>Сіздер сиқырлы қораптың барлық тапсырмаларын орындадыңыздар және сиқырдың жоғалмағаны үшін қорапты жабу керек. Ұшақты, машинаны және кемені бір сөзбен қалай атауға болатынын есте сақтаңыз, сонда сиқырлы қорап жабылады.<br>**Дид ойын: «Кім жылдам»**<br>**Шарты:** Жұмбақ шешуін тауып, қорапты жабу.<br>Жүктер мен адамдарға қызмет етеді,<br>Түрлері көп жүретін<br>Көкте зулап, суда шулап,<br>Құрлықта зырғып жүреді.<br>Жауабын кім біледі<br>**(Көлік)**<br>қорап жабылады.<br>Педагог қоянға бұрылып:<br>Қоян, балалар саған көмектесті ме?<br>Қоян: Иә, олар көп көмектесті. Мен көптеген жаңа нәрселерді білдім. Ұшақ, көлік және кеме туралы. Рахмет балалар , |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***Дидактикалық ойын: « Адасқан төлдер»***<br>***Міндеті :*** *тақтаға төлдер суреті ілінеді, балалар сол төлдердің енелерін тауып қояды.*<br>***Ой бөлісу сәті***<br>*Балалар,біз бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметінде не туралы өттік?*<br>*Ал,үй жануарларын күтіп баптау қажетпа?*<br>*Үй жануарларының адамға тигізер пайдасы бар ма?* | *Орнынан тұрып, лентаны жоғары көтеріп, лентаны ілу қимылын жасау «ілдім» деп айту. / 5-6 рет қайталау./*<br>***Б.қ.: «Көңілді ленталар»***<br>*6,Аяқтарын алшақ қою, ленталар жанда; аяқты көтеріп жүріп секіру. (10-15 секунд)*<br>*4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру. /ленталарды себетке салу/ шеңбер бойы жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*Бала әтеш қанат қағады. Қолды бос жіберіп, тік тұрамыз. Қолымызды жоғары көтеріп, жанымызға ұстап, жамбасқа қойып қанат қағамыз. Демді ішке тартып, «ку-ка-ре-ку» деп шақыру. мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>***Қозғалыстардың негізгі түрлері...***<br>***1. Өрмелеу - баудың астымен жорғалап шығу*** *(биіктігі 40 см) бүйірден, еденге қолды тигізбестен және шнурдың жоғарғы шетіне тигізбеу*<br>***2.Тепе-теңдік -*** *гимнастикалық орындықта басына құм салынған қапшық бар, қолдары белде жүру. Педагог екі тіректі қойып, бауды тартады (еден деңгейінен 40 см), зал бойына екі гимнастикалық орындық қояды. Демонстрациядан және түсіндіруден кейін балалар шнурдың астына қатарынан үш рет өтіп,* | *Әнді тыңдап, суретке қарап әңгіме құрастыр. Қыста көңілді, қызық ойындар өте көп. Қысқы ойындарға арналған заттарды ата және ойын түрлерін ата*<br>***Дид ойын: «Суреттегі екі аққаланың қандай айырмашылықтары бар?»***<br>*Екінші аққалаға не жетіспейді?*<br>***Қортынды.*** | *мен орманға кеттім, достарыма айтамын, суреттерімді көрсетемін.*<br>***Қош бол достар.***<br>***Сау бол, қоян.***<br>***Қортынды:***<br>*Тәрбиеші: Бүгін біз не туралы сөйлестік?*<br>*Балалар: Ұшақ, машина, кеме туралы.*<br>*Ұшақты кім басқарады?*<br>*Балалар: Ұшқыш.*<br>*Көлікті кім жүргізеді?*<br>*Балалар: Жүргізуші.*<br>*Кемені кім басқарады?*<br>*Балалар: Капитан.*<br>*Ұшақ қайда ұшады?*<br>*Балалар: Әуе арқылы.*<br>*Көлік қайда барады?*<br>*Балалар: Жолда.*<br>*Кеме қайда жүзіп барады?*<br>*Балалар: Су арқылы, Теңіз арқылы.*<br>*Ал бір сөзбен ұшақты, машинаны, кемені қалай атауға болады?*<br>*Балалар: Көлік.*<br>*Жарайсыңдар.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *содан кейін екі бағанға тепе-теңдікпен тапсырманы орындауға кіріседі. Біріншіден, балалардың бірінші топшасы орындайды, ал екіншісі қатарда тұрып бақылайды; содан кейін педагогтың белгісі бойынша балалардың келесі кіші тобы жақындайды.* ***Қортынды.*** | | |
| Серуенге дайындық | *«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасауға үйрету, тәрбиелеу.* ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| Серуен | ***Серуен № 2 «Қарды бақылау»*** | ***Серуен № 8 Адамдардың қысқы еңбегі.*** | ***Серуен № 6 «Аязды бақылау»*** | ***Серуен №15 Қысқы ауа-райын бақылау.*** | ***Серуен № 20 Боранды бақылау.*** |
| | *Серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру, табиғатқа қамқорлық таныту.* **Қысқы серуен картотекасынан** | | | | |
| Серуеннен оралу | *Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету. Суды үнемді тұтыну жолдарын түсіндіру. Тазалық процедурасы. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | *«Еңбегі адал жас өрен» өз-өзіне қызмет жасауды үйрету. Балаларға реттіліқпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.* | *«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасауға тәрбиелей отырып, киімдерін ұқыпты жинау дағдыларын дамыту. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.* | *Серуеннен оралу барысы, киімдерін жинауды түсіндіру.* ***Үнемді тұтыну -*** *жуыну барысында сумен ойнамауды, шашып жуынбау әдептерін түсіндіру. Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту,* | *«Еңбегі адал жас өрен» - өз-өзіне қызмет жасауға тәрбиелей отырып, Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, шкафтарына жинауға үйрету. Қолдарын сабынмен жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу* |
| Түскіас | *Қауіпсіздік ережелерін ескерту ескерту. Тамақтану кезінде столға дұрыс отыру, қасықты дұрыс ұсту қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.* | *Тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.* | *Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.* | *Тамақт ан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.* | *Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру.* |
| Күндізгі ұйқы | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.* | *Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу.* | *Киімдерін ұқыптылықпен шешуге, жинауға үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау* | *Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау.* | *Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу.* |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, | ***№ 3*** *«Саусақтар амандасады.» массаж* | ***№4.*** *Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды* | ***№5.****"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу,* | ***№6.****арқамен жатып қолды екі жаққа созу,* | ***№7.****«Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»-* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| сауықтырушаралары | *жасаймыз –«қолды жуамыз».<br>- «Қайырлы күн, көздерім!»<br>Қабақты сипаймыз.<br>«Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз,<br>- «Қайырлы таң, қолым!» - алақанды сипаймыз.<br>- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.<br>- «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.<br>- «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.* | *Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды<br>Бес дегенде секір көрсет бойыңды.<br>Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.* | *былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту.<br>3. "Құстаркөңілденіпжатыр" –қолдышапалақтау* | *жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.<br>- арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>- арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау* | *балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде.<br>- Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді.<br>- Түнге қарай батады- Балалар тізе бүгіп отырады.<br>басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.<br>«Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.* |
| | *Қауіпсіздік ережесі – ұйқыдан тұру кезінде қауіпсіздік шараларын түсіндіру.*<br>*«Еңбегі адал жас өрен» - ұйқыдан тұрып киіну өз-өзіне қызмет етуге тәрбиелеу.*<br>***Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан*** | | | | |
| Бесінас | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру.* | *Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.* | *Асты ұқыпты жеу, қасық, шанышқы ұстауды қауіпсіздік ережелерін ескерту.* | *Тамақт ан соң гигиеналық шараларын ұйымдастыру.* | *Ұқыпты тамақтану әдебін түсіндіру.<br>Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау* |
| Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | ***Ой қозғау.***<br>*- Балалар тақтада не көріп тұрсыңдар?<br>- Бұл жай пойыз емес, «Көңілді пойыз»*<br>***Дид ойын: «Көңілді пойыз»***<br>***Шарты:****Әр аңда сандар жазылған, сол сандарға қарап вагондарына орырғызу.<br>Паровозға бекітілген вагондар саны 5.<br>1 - ден 5 - ге дейінгі алған білімдерін бекіту.<br>Пойызға жолаушылар мінеді. Бірақ біздің бүгінгі жолаушыларымыз аңдар.* | ***Дид ойын: «Қандай пішіндер?»***<br>*Шарты: Суреттегі пішіндерді атау. Қандай пішіндерді көріп тұрсыңдар.*<br><br>***3- тапсырма***<br>***Дид ойын: «Аңдар қайда жасырынған»***<br>*Шарты: Жасырынған аңдарды атау.*<br><br>***4-тапсырма.***<br>***Дид ойын:***<br>***«Өз орныңды тап».*** | ***Дид ойын: «Сиқырлы пішіндер»***<br>*1-Топ шаршы<br>2-топ үшбұрыш<br>3-топ дөңгелек.<br>Әр топқа Дьенеш блоктармен геометриялық пішіндер көрсетіп, шашылып тұрған геометриялық пішіндердің арасынан,өздеріне берілген пішінің тауып обручка салуды тапсыру.*<br>***1 топ*** *обручка шаршыларды*<br>***2 топ*** *обручка үш бұрыштарды*<br>***3 топ*** *обручка дөңгелектерді салады.*<br>***Ой дамыту. Өлең оқу.***<br>*Аппақ қыстың бояуы<br>Аппақ қыстың бораны<br>Ақ көрпеге орайды* | *Миға шабуыл*<br>***Жұмбақ шешу.***<br>*1.Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тонады.*<br>***(қар)***<br>*2.Тісі жоқ,тістеп алады.<br>Қолы жоқ, сурет салады.*<br>***(аяз)***<br>*3.Мені қардан жасапты,<br>Ойланып көр<br>Қолым-таяқ,<br>Мұрным-сәбіз,<br>Көзім-көмір.* ***(аққала)***<br>*4.Қырға сүйреп шығам,<br>Ойға мінін түсем.* ***(шана)***<br>*5.Өзі судан жаралған,<br>Бірақ судан қорқады.* ***(мұз)***<br>*6.Су да, мұз бар,<br>Жер де, қар бар.<br>Боран басып соғады.<br>Бұл қай кезде болады?* ***(қыс)*** | ***Логикалық ойын есеп:***<br>***Дид ойын: «Ойлан тап!»***<br>*1.Дүкеншіде 5 жұмыртқа болды, біреуін жарып алды. Дүкеншіде неше жұмыртқа қалды?<br>2. Ермек дүкеннен 3 балмұздақ алды, жолда 1 — ін жеді, Ермекте неше балмұздақ қалды?<br>3. Әйгерім дүкеннен 4 кәмпит сатып алды. Кәмпиттің 1-ін Дильназға, тағы 1-ін Мадинаға берді. Әйгерімде қанша кәмпит қалды?<br>4. Алма ағашта бес алма Қандай тәтті жесе алма,<br>Біреуін оның жеп қойсаң* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | <br>*Әр балала тақтаға шығып аңдарды вагонға отрғызады.*<br>*1 - вагон 1 піл*<br>*2 - вагон 2 аю*<br>*3 - вагон 3 қоян*<br>*4 - вагон 4 панда*<br>*5 - вагон 5 арыстан*<br>*Тапсырманы дұрыс орындаған балаларды мадақатау.* | ***Шарты:*** *Балаларға 0-ден 5-ке дейінгі цифрларды таратып беру. «Цифрлар» музыка ырғағымен билеп жүреді. Музыка тоқтағанда балалар тез бір қатарға тұра қалады. Содан кейін бірнеше балалардан аталған сандардың көрші сандарын атауды сұрау*<br><br>***Музыка***<br>***Кіріспе. Ой қозғау.***<br>*Қазір жылдың қандай мезгілі, бұл кезде қандай құбылыстар болады, не жауады? Қыста қандай ойындарды көп ойнайсыңдар? Әрине, шанамен сырғанақ тебесіңдер, аққала соғасыңдар, міне, бүгінгі сабағымыз осы тақырыптың айналасында өтеді.*<br>***Музыка тыңдау:*** *«Сырғанақ» (муз. Ө. Байділдаев, сөзі Ә. Тәжібаев). Әннің мазмұнын, алған әсерлерін, көңіл күйін сұрау.*<br>*Әннің қайырмасы қайсы, кіріспесі қайсы екенін ажыратуға үйрету.*<br>***Дауыс жаттығулары:***<br>*«Жоғары шығамыз, төмен түсеміз». Әуенді дауыс ырғағымен, дауысқа қатты күш түсірмей орындау.*<br>***Ән айту: «Зырлайды шанамыз» (муз. М. Маңғытаев, сөзі Қ. Ыдырысов).*** *Әнді тыңдап, мәтініне көңіл аудару. Әннің көңіл күйін, жылдамдығын, ырғағын ажырату. Ән айту кезінде ережелерді еске түсіру,* | *Ақ қар байтақ даланы.*<br>*— Осы өлеңде не туралы айтылған?*<br>*— Қыс мезгілінде неше ай бар?*<br>*— Қыста күн қандай болады?*<br>*— Енді айналаға, далаға қараңдаршы қандай болып жатыр?*<br>***3.Суретпен жұмыс.(****қыстың күні ойнап жүрген балалардың суреті)*<br>*Балалар қыста қалай ойнайды?*<br> | ***Дид ойын: «Цифрлар қайда жасырынған»***<br><br>***Дид ойын: «Ойыншықтар»***<br>*Шарты: Геометриялық пішіндерден ойыншықтар құрастыру.*<br> | *Қалады онда неше алма. Балаларды мадақтау.*<br>***Дид ойын: «Қыс көрінісі»***<br>***Шарты:*** *Воскобович әдісін қолдана отырып, тақтада қыс бейнесін құрау.*<br>*(Қысқы ағаш, қар, шырша).*<br><br>***Дене тәрбиесі***<br>***Кіріспе бөлімі:***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен қойылған заттар арасымен әр түрлі жағдайда: қолды белге қойып, екі жаққа жіберіп, артқа ұстап жүру.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап жұптасып жүгіру.*<br>*Шеңбер бойымен еркін жүру.1 сапқа тұру.*<br>*1 саптан 4 звеноға тұру. / сапқа тұрарда себеттен екі лентадан алу/*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім****:*<br>***Жалпы даму жаттығулары Лентамен.***<br>***Б.қ.: «Басты айналдыру»***<br>***1.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Денені тік ұстап, лента төменде.тік тұрып, қолды белге ұстау керек,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *әннің сөзін таза айту, бірін-бірі тыңдап, үндесіп айтуға машықтандыру.*<br>***Аспаппен танысу:***<br>*«Музыкалық аспаптарға арналған этюд» (муз. Ф. Госсек). Ұрмалы аспаптарда ырғақты сақтай отырып педагогтің сүйемелдеуімен ансамбльде ойнау.Балалардың есту қабілеттерін дамыту, ырғақты (ритм) дұрыс ұстай алмаған балалармен жеке жұмыс жасау. Ұлттық ойын «Ормандағы аю».*<br>***Ой қозғау.***<br>*Әнді тыңдап, суретке қарап әңгіме құрастыр. Қыста көңілді, қызық ойындар өте көп. Қысқы ойындарға арналған заттарды ата және ойын түрлерін ата*<br>***Дид ойын: «Суреттегі екі аққаланың қандай айырмашылықтары бар?»***<br>*Екінші аққалаға не жетіспейді?*<br>***Қортынды.*** | | | *1-2-3-4 есебінде басты оңға қарай, содан соң келесі жаққа айналдыру керек./5-рет ./*<br>***Б.қ.: «Шеңбер»***<br>***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, оң қолдағы лентаны 1-2 деп санағанда алдымен екі жанға, содан соң алға, қайта екі жанға, содан соң артқа қолмен кең шеңберлер жасау керек; 3 - 4 есебінде алға қарай.*<br>***Б.қ.: «Лентаны жасыр»***<br>***3.*** *Аяқтары иық жалпақтығында, ленталар жанда, алдыға еңкейіп, ленталарды артқа созу «жасырдым» деп айту, шалқайып, қолды алдыға созу «міне-міне» деп айту*<br>***Б.қ.: «Жоғарыда-төменде»***<br>***4.*** *Аяқтарын алшық қою, ленталар қолда. Лентаны жоғары созып «жоғарыда» деп айту, төменде түсіріп «төменде» деп айту.*<br>***Б. қ.: «Лентаны ілу»***<br>***5.*** *Аяқтарын алшақ қойып, тізе бүгу. Ленталар төменде. Орнынан тұрып, лентаны жоғары көтеріп, лентаны ілу қимылын жасау «ілдім» деп айту.*<br>***Б.қ.: «Көңілді ленталар»***<br>*6,Аяқтарын алшақ қою,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *лентaлар жанда; аяқты көтеріп жүріп секіру. 4 звенодан бір саппен шеңбер бойы жүру. /ленталарды себетке салу/ шеңбер бойы жүру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *Бала әтеш қанат қағады. Қолды бос жіберіп, тік тұрамыз. Қолымызды жоғары көтеріп, жанымызға ұстап, жамбасқа қойып қанат қағамыз. Демді ішке тартып, «ку-ка-ре-ку» деп шақыру. мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>***Қозғалыстардың негізгі түрлері...***<br>***1. Өрмелеу - баудың астымен жорғалап шығу*** *(биіктігі 40 см) бүйірден, еденге қолды тигізбестен және шнурдың жоғарғы шетіне тигізбеу*<br>***2.Тепе-теңдік -*** *гимнастикалық орындықта басына құм салынған қапшық бар, қолдары белде жүру. Педагог екі тіректі қойып, бауды тартады (еден деңгейінен 40 см), зал бойына екі гимнастикалық орындық қояды. Демонстрациядан және түсіндіруден кейін балалар шнурдың астына қатарынан үш рет өтіп,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *содан кейін екі бағанға тепе-теңдікпен тапсырманы орындауға кіріседі. Біріншіден, балалардың бірінші топшасы орындайды, ал екіншісі қатарда тұрып бақылайды; содан кейін педагогтың белгісі бойынша балалардың келесі кіші тобы жақындайды.* ***Қортынды.*** |
| Балалармен жеке жұмыс | ***Дид ойын:«Құлыпты аш»*** *Мақсаты:логикалық ой-лай алады, геометриялық пішіндерді түрі және түсі бойынша ажырата алады.* ***Күтілетін нәтиже:*** *Балалар жыл мезгілдерінің атауларын атап,оларды бір-бірінен ажырата біледі.* | ***Дид ойын: «Ортақ атауына қарай топтастыр»*** *Мақсаты: балалар кез-келген заттың ортақ атауы болатынын түсінеді* ***Күтілетін нәтиже:*** *Суреттерді топтастыра отырып, ортақ атауларын атай алады.Мысалы (өсімдіктер, жануарлар, ойыншықтар)* | ***Дид ойын: «Дауысынан таны»*** *Мақсаты: Балалардың үй жануарлары туралы және қалай дыбыстайтындығы туралы түсініктері қалаыптасады.* ***Күтілетін нәтиже:*** *Балалар жануарлардың дыбысын танып,атауларын атай біледі.* | ***Дид ойын: «Не артық»*** *Мақсаты: Балалар берілген суреттердің ортақ атауы барын түсінеді.* ***Күтілетін нәтиже:*** *Суреттерді атай отырып,не артық екенін айтады.* | ***Сюжетті рөлді ойын: «Дәрігер»*** ***Мақсаты:*** *балалардың Мамандықтар туралы түсініктері қалыптасады.* ***Күтілетін нәтиже:*** *Дәрігер, емделушінің ара-қатынасын түсініп, ойнай алады.* |
| Серуенге дайындық | *«Еңбегі адал жас өрен»-өз-өзіне қызмететуге тәрбиелеу. Серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.* | | | | |
| | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау* | *Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | *Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.* | *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* |
| Серуен | ***Серуен № 2 «Қарды бақылау»*** | ***Серуен № 8 Адамдардың қысқы еңбегі.*** | ***Серуен № 6 «Аязды бақылау»*** | ***Серуен №15 Қысқы ауа-райын бақылау.*** | ***Серуен № 20 Боранды бақылау.*** |
| | *«Еңбегі адал жас өрен» - серуен кезінде экологиялық мәдениет қалыптастыру. Табиғатқа қамқорлық таныту.* ***Таңғы серуенді бекіту.*** | | | | |
| Балалардың Үйге қайтуы | ***«Өнегелі 15 минут»*** *Қауіпсіздік ережесі - ата-анамен бала өмірінің көшеде, үйде қауіпсіздігі туралы әңгіме жүргізу.* | | | | |
| | *Ата-аналарға балаларын* | *Ата-анаға: балаға жиі* | *Ата –аналармен балалардың* | *Ата-аналарға балабақшаға* | *Ата –аналармен* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
